



**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1790. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 771 қаулысымен. ~P990771

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын

мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1247 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 37, 350-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1790 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды

тіркеу жөніндегі агенттігі (Әділетминінің  
Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды  
тіркеу жөніндегі агенттігі) туралы  
ЕРЕЖЕ

МИССИЯСЫ

Заңды тұлғалар мен жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік стратегияның міндеттерін іске асыру.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің құзыреті және оған берілген өкілеттіктер шегінде дербес түрде арнайы атқару және бақылау-қадағалау міндеттерін, салааралық үйлестіруді, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті және онымен жасалатын мәмілелерді, заңды тұлғалар мен бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу, жылжымайтын мүлікке баға беру және адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы қызмет көрсету жөніндегі қызметті басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы Қазақстан Республикасының ведомствосы болып табылады.

2. Агенттіктің аппаратын ұстау республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

3. Агенттік заңды тұлға құқықтарын иеленеді, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, дербес балансы, есеп айырысу және өзге де шоттары, тиісті мөртаңбалары болады.

4. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының

Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, осы Ережені, Қазақстан Республикасы Әділет

министрінің бұйрықтарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

5. Агенттік өзінің ұсынуы бойынша құрылған, ол бекітетін құрылтай құжаттарының негізінде жұмыс істейтін мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге ұйымдарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің (мемлекеттік басқару органының) міндеттерін жүзеге асырады.

## II. Агенттік қызметінің басымдықтары

6. Агенттік қызметінің басымдықтары мыналар болып табылады: жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу саласындағы жұмыстарды жүзеге асыру және үйлестіру;

құқықтық кадастрды қалыптастыру және жүргізу;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды есепке алу;

заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін жүргізу;

жылжымайтын мүлікті бағалау және адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды қамтамасыз ету.

## III. Агенттіктің міндеттері

7. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

өз құзыретінің саласында аумақтық әділет органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілері туралы мәліметтердің сипатталған бірыңғай құқықтық кадастрын жүргізу;

жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу, сондай-ақ жылжымайтын мүлікті бағалау саласында бірыңғай әдістемелік база дайындау;

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;

заңдарда белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізбесін тіркеу және жүргізу;

заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметке әдістемелік басшылық жасау;

20 000 есепті көрсеткішке дейінгі мәлімделген жарғылық капиталы бар акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын тіркеуді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының Үкіметі оның құзыретіне жатқызған қызмет түрлері бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, лицензиар функцияларын жүзеге асыру;

Агенттікке заңдармен жүктелген өзге де міндеттер.

#### IV. Агенттіктің функциялары

8. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес ұйымдастырушылық, әдістемелік, бақылау-қадағалау және басқа да басқару функцияларын жүзеге асырады.

9. Жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу саласында Агенттік мынадай функцияларды жүзеге асырады:

жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметке басшылық жасау;

аумақтық әділет органдары мен Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу саласындағы қызметін үйлестіру, оған әдістемелік көмек көрсету және оны тексеру және осы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

аумақтық әділет органдары мен Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу мәселелері жөніндегі ерекшеліктеріне жасалған шағымдарды қарау;

құқықтық кадастрды жүргізу.

10. Заңды тұлғаларды, олардың филиалдарын және өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу саласындағы Агенттіктің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметке басшылық жасау және осы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

заңды тұлғалардың, аумақтық органдар мен Агенттікке ведомстволық

бағыныстағы ұйымдардың "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын орындауына бақылауды жүзеге асыру:

аумақтық әділет органдары мен Агенттікке бағыныстағы ұйымдардың заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу жөніндегі қызметін үйлестіру және оған әдістемелік басшылық жасау, осы қызметті тексеру және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізілімін жүргізу;

аумақтық әділет органдарының және Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың тіркелген (қайта тіркелген) және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жұмыс істейтін заңды тұлғалар , олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы бірыңғай деректер банкін қалыптастыру;

тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасөз органына Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізімін жариялау үшін материалдар беру;

акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздары эмиссиясын тіркеуді жүзеге асыру;

аумақтық әділет органдарының және Агенттікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың заңды тұлғаларды және бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарау.

#### 11. Агенттік және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар

заңдарда көзделгеннен басқа да функцияларды, оның ішінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

басқа мемлекеттік басқару органдарының регистрлерімен (тізілімдерімен) өзара байланыс жүргізу;

Агенттікке құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

Қазақстан Республикасының Үкіметі оның құзыретіне жатқызған қызмет түрлері бойынша лицензиялау;

## V. Агенттіктің құқықтары

12. Жүктелген міндеттеріне және орындайтын функцияларына сәйкес Агенттіктің:

өз құзыретінің шегінде барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті ведомстволық актілер шығаруға;

өз құзыретінің шегінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;  
мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан және азаматтардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдар құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен жылжымайтын мүлікті бағалау және адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыруға;

өз құзыретінің шегінде аумақтық әділет органдарының және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін бақылауға;

жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркегені, сондай-ақ ақпараттық қызметтер көрсеткені үшін заңдарға сәйкес ақы алуға;

заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты ( қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) мүдделі тұлғаларға шарттық негізде сатуға;

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 206-бабына сәйкес Агенттіктің мүлкін иеленуге және пайдалануға;

баспа қызметін жүзеге асыруға;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді пайдалануға құқығы бар.

## VI. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

13. Агенттікті Директор басқарады, Агенттік директорын Қазақстан Республикасы Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Агенттік директорының орынбасары болады, оны Агенттік директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

14. Агенттік директоры Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады, Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

15. Агенттік директоры:

Агенттік қызметін басқарады:

Агенттік және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар қызметкерлерінің міндеттерін және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Агенттік қызметкерлерін және оның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Әділет министрінің және жергілікті атқарушы органдардың келісімімен, сонымен бір уақытта Агенттік жүйесіне кіретін жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу жөніндегі бас тіркеушілер болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтар мен Агенттікке

ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларын және бас бухгалтерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Агенттіктің және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

өз құзыретінің шегінде өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ оған ведомстволық ұйымдардың құрылтай құжаттарын бекітеді;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттікті білдіреді, шарттар, келісімдер жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есеп айырысу, валюталық және басқа да шоттар ашады;

өз құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## VII. Агенттіктің қызметін тоқтату

16. Агенттіктің қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1790 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды  
тіркеу жөніндегі агенттігінің  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды және онымен жасалатын  
мәмілелерді тіркеу басқармасы

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы

Қаржылық және ресурстық қамтамасыз ету бөлімі